



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ

2-ТОМ ОРТА ҒАСЫР ФИЛОСОФИЯСЫ

Кіріспе





Мақсат – ағылшын философы Энтони Кеннидің «Орта ғасыр философиясы» еңбегімен танысу.

Жоспар

Энтони Кеннидің «Орта ғасыр философиясы» еңбегі туралы.
«Орта ғасыр философиясына» кіріспе.

Түйін сөздер

Батыс философиясының тарихы, орта ғасыр философиясы, патристика, схоластика, католик философиясы.

Сәлеметсіздер ме, құрметті достар! Бүгін біз Энтони Кеннидің «Орта ғасыр философиясы» еңбегінің мәліметтеріне негізделген дәрістер циклін бастаймыз. Бұл кітап Энтони Кеннидің 2004–2012 жылдар аралығында жазған «Батыс философиясының жаңа тарихы» атты төрттомдық еңбегінің екінші томы. Біз ағылшын ғалымы және философы, Ұлыбританияның қазіргі кездегі танымал академиктерінің бірі – сэр Энтони Джон Патрик Кеннимен еңбегінің бірінші томындағы «Антика философиясы» дәрістер топтамасы арқылы таныспыз.

«Орта ғасыр философиясы» атты екінші том тоғыз тараудан тұрады. «Философия және сенім» атты бірінші тарауында Кенни христиан дінін қабылдағаннан кейінгі Аугустин, Боэций философиясын, кейінгі антика заманындағы грек философиясын, Каролинг империясындағы философияны, мұсылман және еврей философтарын, Ибн Сина мен оның ізбасарларын, Кентерберилік Ансельм, Абельяр, Ибн Рушд пен Маймонидтің ілімін қарастырады. Екінші тарауда Энтони Кенни XII ғасыр схоластарынан бастап Ренессанс кезеңіне дейінгі философия тарихын баяндайды: Роберт Гроссетес және Ұлы Альберт, әулие Бонавентура және Акуинолық Томас, Сигер Брабант және Роджер Бэкон, Дунс Скот және Уильям Оккам, оксфордтық калькуляторлар, Джон Уиклиф, сонымен қатар, платонизм мен аристотелизмнің қайта жаңғыруы қарастырылады. Үшінші тараудан бастап, кітаптың соңына дейінгі тарауларды Энтони Кенни тақырыптық бөлімдерге арнайды. Бұл бөлімдерде орта ғасыр заманында өзекті болған әр түрлі философиялық мәселелер талданған. Нақтылап айтсақ, үшінші тарауда – логика мен тіл мәселесі, төртінші тарауда – гносеологиялық концепциялар, бесінші және алтыншы тарауда – физика мен метафизика, жетінші тарауда – ақыл мен жан, сегізінші тарауда – этика, соңғы тарауда – Құдай мәселелері байыпталған.

Екінші томның кіріспесінде Энтони Кенни, сан тарау мамандықтар пайда болған ғасырымыздағы философия тарихы туралы көптеген еңбектердің – белгілі бір сала мен кезеңді зерттеумен ғана айналысатын мамандардың, яғни авторлар ұжымының ортақ жұмысының нәтижесі екенін атап көрсетеді. Бұл тұрғыда Кенни: «философияның қайнар бастауынан қазіргі кезге дейінгі тарихын жазып шығуымды өтінген Оксфорд Университетінің баспасы ежелгі, орта ғасыр, Жаңа заман және қазіргі заман философиясын байланыстыратын ортақ дүниелердің бар екеніне және менің философияның дамуын біртұтас көзқарас тұрғысынан бағамдап, сабақтастықта баяндай алатыныма сенім артты», – деп жазады.

Оның пайымдауынша, оқырмандардың философия тарихын оқып-білгісі келуінің екі түрлі себебі болуы мүмкін. Әдетте, оларды философия немесе тарих қызықтыруы мүмкін. Қазіргі кездегі философиялық зерттеулердегі бізді толғандырған тақырыптарды тереңінен қаузау үшін өткен дәуірлердегі ұлы ойшылдардың еңбектерін зерделеуіміз мүмкін немесе өткен замандағы қоғам мен адам болмысын, солар толғанған һәм қарекет еткен кездегі концептуалды климатты ұғыну үшін олардың философиясын оқимыз. Өткен дәуір философтарының еңбектерін бізді үнемі мазалайтын философиялық мәселелерді шешуге септік тигізу я болмаса, өткен заманның интеллектуалды әлеміне тереңірек бойлау үшін де оқуымыз мүмкін.

«Мамандығым бойынша тарихшы емес, философпын. Алайда, философияны зерттеу үшін әуелі философия тарихын білу маңызды деп есептеймін. Қазіргі философияның ахуалын – философиялық ізденістердің ең биік шыңы деп санау – бос елес, өзімізді алдаумен тең десек болады. Бұл томдарды жазудағы мақсатым – өткен ғасырлардағы ұлы ойшылдар философиясының бүгінгі күнде де өзекті екендігін және олардың бізге қалдырған мұраларын мұқият оқу арқылы философиялық тұрғыдан санамызды нұрландыра алатынымызды аңдату», – дейді Кенни.



Сондықтан болар, еңбек авторы бір мезетте әрі философия тарихшысы, әрі тарихшы-философ болуға ұмтылыс жасаған. Әдетте, бірнеше автор бірлесіп жазған философия тарихы кейде хронологиялық тәртіппен, кейде тақырыптық аяда баяндалады. Кенни осы екі тәсілді де ұшастыра алған. Еңбегінің әр томында алдымен хронологиялық шолу жасап, соңынан нақты философиялық тақырыптарға талдау жасаған. Тарихқа қызығушылығы басым оқырман мұндағы хронологиялық зерттеулерге көбірек көңіл бөліп, қажет болған жағдайда білімін нығайту үшін тақырыптық бөлімдерге назар аударады. Ал, философиялық мәселелерді зерделеуді ұнатқан оқырман ой-назарын тақырыптық бөлімдерге шоғырландырып, байыпталған мәселелер аясында хронологиялық зерттеулерге де жүгіне алады.

Бұл томдар ең алдымен, бакалавриаттың екінші және үшінші курс студенттеріне арналған. Алайда, философия тарихына қызыққан көптеген жандардың бәрі бірдей философия факультетінің білімгерлері емес. Осыған орай, Кенни күрделі философиялық терминдер мен әдістерді таныстыруды қиындатпай, қарапайым әрі түсінікті тілде баяндауға тырысады. Оқырмандар философия тарихын тек оқулық ретінде ғана емес, өз танымының көкжиегін кеңейтетін, рухын сергітетін кітап ретінде оқығанын қалайды.

Көп университетте философия тарихынан курстарды кейінгі көне заман және орта ғасыр дәуірлерін аттап өтіп, Аристотельден кейін тікелей Декартты оқытатын кезеңнен бері де көп уақыт өте қойған жоқ. Орта ғасыр философиясын оқытудың қажеті жоқ деген көзқарас академиялық ортада да кеңінен тарады. Бұл тұста есте болатын бір жайт бар. Асылында мұндай көзқарас орта ғасыр философиясы туралы тиісті еңбектермен жіті танысудан туындамаса керек. Анығында, ол діни және гуманистік жалған сенімдерге байланысты қалыптасуы мүмкін. Сонымен бірге, басқа ғасырлардағы философиямен салыстырғанда, орта ғасыр философиясын зерттеуде көптеген нақты кедергілер болды. Кенни орта ғасыр философтарының ойларымен етене танысқысы келетін ізденушілердің алдынан шығатын лингвистикалық, кәсіби, конфессиялды және парохиялды – төрт кедергіні ерекше атап өтеді.

Классикалық орта ғасырда философиялық еңбектердің көпшілігі латын тілінде жазылды. Алайда, оларды түсіну латын тілін өте жақсы білетін адамдардың өзіне қиынға соқты. Тіпті, Ливий мен Цицеронның күрделі еңбектерін оқып тәрбиеленген оқырмандар, Акуинолық Томастың еңбектерін оңайлықпен түсіне алмады. Дегенмен, Акуиналық Томастың еңбектері өз замандастары мен шәкірттерінің талайымен салыстырғанда түсінікті жазылған. Тек, соңғы жылдарда ғана орта ғасыр жазушыларының еңбектері ағылшын тіліне аударылып, көпшіліктің ортақ игілігіне айнала бастады және аударманың деңгейі де жақсы. Схоластикалық латын тілі техникалық неологизмдерге толы болғандықтан, оларды басқа тілдерге аударып жеткізу, әрине, оңайға соқпайды. Кейде бір терминді түсіндіру үшін көбінесе шұбалаңқы астарлы сөздермен анықтама беруге тура келеді. Шын мәнінде осы неологизмдердің көбі, қазіргі тілдер арасында аман қалу үшін, қазіргі тілдерге транслитерациялану түріне ауысады. Мысалы, «intelligence» – «интеллект», «evidence»-«дәлел», «voluntary»-«ерікті», «supposition» – «болжам». Біздің қазір қолданып жүрген терминдеріміз схоластика кезеңінде қолданылған терминдердің дәлме-дәл баламасы бола алмайды, олардың кейбірі басқа мағынаны білдіруі де мүмкін. Мысалы, «субъективті» және «объективті» деген екі термин орта ғасырдағы мағынасынан мүлде ажыраған.

Бұл бірінші лингвистикалық мәселе екіншіден, кәсібилік мәселесімен тығыз байланысты. Қазіргі дейінгі кезеңдермен салыстырғанда Орта ғасырларда философияны зерттеу кәсіби деңгейде болды. «Схоластика» термині де осыдан келіп шыққан. Бізге жеткен еңбектердің көп бөлігі университет дәрістері, жаттығулар мен пікірталастардың нәтижесінен шыққан дүние. Олардың авторлары өз тыңдармандары мен оқырмандарының күрделі кәсіби терминологиямен таныс екенін және олардың эрудизмге толы аллюзияларды түсіну машығы қалыптасқанын білетін. Ал, көпшілікке түсінікті философия мүлде болған жоқ деуге болады. Философияға қатысты еңбектерді жазатындар мен оқитындардың көбі ер адамдар, үйленбеуге ант берген, дін үстемдігін күшейтуге ұмтылатын ағым өкілдері (клерикалдар) еді. «Кейінгі орта ғасыр философиясының Кембридждік тарихы» кітабының қосымшасында орта ғасырдағы алпыс алты елеулі тұлғаның қысқаша өмірбаяны берілген. Олардың ішінде бір де бір әйел адам болған жоқ және бар болғаны екеуі ғана шіркеу өкілі емес еді.



Үшінші мәселе де екінші мәселемен тығыз байланысты. Орта ғасырдың ең әйгілі философтарының көбі католик шіркеуінің өкілдері болғандықтан, олардың философиясы дін ілімі немесе апологетика түрінде болды. Әрине, бұл – әділетсіздік. Себебі олардың қай-қайсысы да философиялық дәйек-дәлелдер мен догматикалық евангелизмнің айырмашылықтарын жақсы білді. Олардың көбісінің ғылым жолындағы қызметі дінтану факультетінде аяқталғандықтан, философиялық жұмыстарының ең үздік бөлігі де діни еңбектерінде қамтылғаны шындық. Сондықтан оларды анықтау белгілі бір тәжірибені талап етеді. Сонымен қатар, көрнекті ойшылдардың көбі діни орден (діни ұйым) мүшесі, әрі сол орденнің мұрагері болды. Тарихта Акуинолық Томасты тек доминикалықтар, ал Бонавентура мен Скотты тек францискалықтар ғана зерттеген ұзаққа созылған кезеңдерде болды. (Ал нақты бір орденнің мүшесі болмағандықтан кейбір схоластар мүлдем зерттелген жоқ. Мысалы, Джон Уиклифтің ізбасарлары зайырлы дін өкілдерінен тұратын шағын ғана топ болатын, алайда олардың өзі шіркеу наразылығын тудырған).

Рим Папасы XIII Лео Акуинолық Томасқа католиктердің діни ғұламасы деген ерекше мәртебе берген соң ғана, оның еңбектерін доминикалық орденге қатысы жоқ адамдар да зерттей бастады. Бұл католиктік ғылым саласында Акуинолық Томастың «философ ретіндегі орны айрықша» деген ой-пікірдің қалыптасуына әкелді. Орта ғасырдың соңына таман оның ілімінің кейбір тұстарынан біртіндеп бас тарту шіркеудің әлсіреп кетуінің және Реформацияның басталуының басты себебі ретінде қарастырылады. Скот пен Оккамның арасындағы философиялық қақтығыстар, осы тұрғыдан алғанда, құздан құлаудың аз-ақ алдында тұрған және екеуі де қаза табатын екі жігіттің арпалысын еске салады.

Схоластика философиясының кәсіби және конфессиялды мәселесінің тағы бір көрінісі – ертедегі және кейінгі философтармен салыстарғанда, осы кезеңдегі философтар есімінің белгісіз болуы. Олардың өмірі туралы деректер жоқтың қасы, тіпті философиялық еңбектерде де автор туралы мағлұматтар кездесе бермейді. Әлбетте бұл түйін схоластика үстемдік еткен классикалық орта ғасыр кезеңіне қатысты айтылған. Схоластикалық кезеңге дейін біз «Жалғыз ғұлама ойшыл» іспеттес философияның романитикалық парадигмасы тән болған Августин, Абеляр, Ансельм сияқты жарқын тұлғалармен танысамыз.

Орта ғасырдағы Батыс философиясының тарихы, кез келген қазіргі түсінік бойынша, «батыстық» саналмайтын философтардың да жазбаларын қамтуы керек. Өйткені, орта ғасырдағы Латын Еуропасының интеллектуалды шекарасы мұсылман әлемінің ықпалына ашық болды. Ибн Сина мен ибн Рушдтың философиялық шығармаларының латын тіліндегі нұсқалары схоластарға олардың христиан жол сілтеушілерінің еңбектерінен кем әсер еткен жоқ. Батыс философиясы мен Мұсылман философиясының ішкі құндылықтары бірдей дей алмаймыз. Сондықтан, да бұл томға мұсылман және еврей философиясының батыстық ойлау жүйесіне сай келетін тұстары ғана енгізілген.

Кеннидің айтуы бойынша, оның философияға ден қоя бастауы Римдегі Григориан университетінде оқып жүрген кезден басталған. Ол кездері, яғни 1950 жылдары философияны оқыту әдістемелері әлі де соған дейінгі шіркеу папаларының «Әулие Томас жолы» (*ad mentem Sancti Thomae*) деп аталатын нұсқаулығына сай жүргізілетін еді. «Менің екі профессорға – Бернард Лонерган мен Фредерик Коплестон әкейлерге алғысым шексіз. Олардан Томастың ілімін ұстанушылардың оқулықтарынан гөрі, Әулие Томастың еңбектері аса құнды екенін, орта ғасырда оның еңбектерінен басқа әлі де зерттелмеген еңбектер бар екенін білдім», – дейді Кенни.

Григориан университетінен кейін ол философия саласы бойынша оқуын Оксфордта жалғастырып, бұл оқу орнын тіл философиясының дәуірлеп тұрған кезеңінде аяқтады және оған бұл құбылыс римдік схоластикаға қарағанда әлдеқайда қызықты, әрі жақын болды. Бұл оқу орнында да Кенниге, тағы да керемет ұстаздар – профессор Питер Гичпен және Герберт Маккейб әкеймен кездесу бақыты бұйырды. Бұл профессорлар оған аналитикалық дәстүрді ұстанушы философтар бетпе-бет келіп отырған көп мәселелердің орта ғасырдағы философтар мен логиктердің аса жетік болмаса да зерттеген мәселелеріне ұқсас екендігін көрсетті.

Ортағасырлық мәтіндердің көптеген философиялық және теологиялық мәселелерді айқындауға мүмкіндік беретіні алғаш рет логика саласында айқындалды. Орта ғасыр логиктері қарастырған мәселелер Қайта өрлеу дәуірінен кейін ұмыт болды. Сондықтан, олардың көптеген



идеяларын логиканың қайта өрлеуі кезеңіне айналған XX ғасырда қайтадан ашуға тура келді. «Кейінгі орта ғасыр философиясының Кембридждік тарихы» еңбегі бұл кезеңге көпшіліктің назарын аудартып, зайырлы, академиялық ортада орта ғасыр философиясын түсінудің жаңа кезеңін ашып беруге түрткі болды. Бұл жаңғырудың күш-қуатын «Философияға арналған Рутледж энциклопедиясында» жарық көрген орта ғасыр философиясы туралы жазылған тамаша мақалалардың санымен де өлшеуге болады. XX ғасырдың аяғына таман ағылшын тілді әлемде орта ғасыр философиясына деген қызығушылық арта түсуіне «Кембридждік Тарих» кітабының бас редакторы Норман Кретцманның қосқан үлесі өлшеусіз болды. Ол әріптесі редактор Ян Пинборгпен бірге, Еуропа құрлығының бірнеше еліндегі зерттеу жұмыстарын біріктіріп, оның нәтижелерін Құрама Штаттар мен Біріккен Корольдіктің қалың оқырманына ұсынды. Корнелл университетінің Sage мектебінде ұстаздық еткен жылдары Кретцман өз маңына дарынды жас ғалымдарды топтастыра білді. Кейінгі жылдары олар орта ғасыр философиясының өзекті мәселелері бойынша ғылыми ортаға кеңінен танымал болған көптеген зерттеулер жариялады. Бір қызығы, орта ғасырға қатысты жаңаша көзқарастың қалыптасуы Акуинолық Томастың мұрасына деген қызығушылықтың бәсеңдеуіне әкеп соқтырды. Мысалы, «Кембридждік Тарих» кітабында Акуинолық Томастың аты софистердің атынан да аз аталады. Кретцманн осы қателігін түзеу мақсатымен өмірінің соңғы жылдары Акуинолық Томастың «Пұтқа табынушыларға қарсы сумма» трактаты туралы екі кітап жазды.

Акуинолық Томас классикалық орта ғасырдың ең беделді философы болып қала береді. Ол аспанмен таласқан тау шыңдарының ішіндегі ең биігі іспетті, деп жазады Кенни. Орта ғасыр философиясы – бұл ең алдымен, сабақтастық шынжыры. Мәселен, Абеляр, Акуинолық Томас немесе Оккам болсын, орта ғасыр ойшылдарының қайсысын оқысаңыз да олардың ойларынан, бір-бірімен сабақтасып жатқан үндестікті аңғарасыз. Осы кеңістікке енген сайын – осынау биік шыңдардың арасында байқалмай тұрғанымен, анықтап зер салсаңыз, өзінше еңселі шыңдардың да бар екенін көресіз. Мысалы, Акуинолық Томас пен Скоттың арасында Генттік Генрих, ал Скот пен Оккамның арасында Генри Харклей тұр.

Көне дүние тарихшысы антика заманындағы философиялық жазбалардың бүкіл жиынтығын еш қиындықсыз оқып шыға алады. Ал орта ғасыр философиясының ең мұқият деген тарихшысының өзі бұл ерлікті қайталай алмайды. Өйткені, Аугустин, Абеляр және басқа да схоластардың қаламының қарымды болғаны соншалық, олардың біреуінің ғана жазған бүкіл еңбегін зерттеу үшін ондаған жылдар қажет. Сондықтан, мұндай ауқымды жұмысты өз мойнына алатын адам сол еңбектердің түпнұсқасына сүйенудің жақсы әдіс екенін білсе де, зерттеу еңбектеріне де мән беруі тиіс. «Осы тұста библиографиямда көрсетілген авторлардың, атап айтқанда, ұстазым Коплестон әкейдің еңбегінен (ол жазған «Философия тарихы» кітабы қазіргі кезеңдегі еңбектерден еш кем түспейді) бастап, Норман Кретцманның әріптестері мен шәкірттері жазған соңғы монографияларға дейінгі авторлардың алдында қарыздар екенімді айтқым келеді. Ал араб тілін білмегендігімнен, ислам философиясы саласы бойынша басқа зерттеушілердің алдындағы қарызым екі есе көп. Осы кітапты жазу барысында ибн Синаның еңбектерін латын тілінде ғана оқи алатыныма қатты өкіндім. Ибн Сина – ұлы данышпан. Осы бір данышпанның өзіме тигізген ықпалын барған сайын айрықша ұғынып» келемін – деп жазады Кенни.

Кіріспе автордың осы екінші томның жобасын өңдеп, жақсартуға қатысты өз ұсыныстарын білдіріп, көп қателіктің алдын алуына себепкер болған доктор Джон Маренбон мен профессор Роберт Паснауға ерекше алғыс білдіруімен аяқталады.

Құрметті оқырман! «Антика философиясы» кітабы бойынша дәрістерімізде біз Энтони Кенни мен Бертран Рассел жазған батыс философиясы тарихының екі түрлі баянын салыстырған едік. Өйткені, Кеннидің іргелі еңбегі шықпас бұрын, Расселдің философия тарихы әлемдегі ең танымал шығармалардың бірі болған еді. Өз еңбегінің екінші кітабында Бертран Рассел де орта ғасыр философиясын қарастырып, бұл кезеңді католиктік философия деген атаумен белгілейді.

Орта ғасыр философиясын екі кезеңге бөлген Рассел, бірінші кезеңде – шіркеу әкейлерінің (патристика өкілдері), ал екінші кезең аясында – схоластардың ілімін қарастырады. Автор «Егер антика әлемімен салыстырсақ, Орта ғасырлар әлемі дуализмнің әр түрлі формаларымен сипатталады. Бұл дегеніміз – дін өкілдері мен дінге сенушілер арасындағы дуализм, латын және тевтондық бастама арасындағы дуализм, құдай патшалығы мен жер патшалығы арасындағы



дуализм, жан және тән арасындағы дуализм, – дейді. Бұлардың әрқайсысы Папалар мен императорлар арасындағы дуализм арқылы сипатталады. Латын мен тевтондық бастамалар арасындағы дуализм варварлар шабуылының нәтижесі. Ал дуализмнің басқа түрлерінің тамыры тереңде жатыр... Құдай патшалығы мен жер патшалығының дуализмі Жаңа есиеттен басталады. Дегенмен, ол тек Әулие Аугустиннің «Құдай қаласы» еңбегінде бір жүйеге келтірілген. Жан мен тән дуализмін Платоннан табуға болады. Оның маңыздылығын жаңаплатоншылдар одан бетер күшейте түскен. Әулие Павел ілімінде де бұл мәселе терең қарастырылады. Ал IV–V ғасырлардағы христиандық аскетизмде ол тіпті үстем болды».

Рассел орта ғасыр философиясы туралы баянында географиялық батыспен ғана шектелмейді. Оның еңбегінде мұсылман философтары ибн Сина мен ибн Рушд және олардың ізбасарлары туралы да сөз болады. Өйткені, бұл ойшылдарсыз батыстық орта ғасыр дүниетанымының тұтас суреттемесін бере алмайтынымыз анық.

Кеңестік заманда орта ғасырлар бойынша орыс тіліндегі ең танымал оқулықтар 1979 жылы шыққан В.В. Соколов пен Г.Г. Майоровтың кітаптары еді. Сонымен қатар, осы тұста орта ғасыр туралы қызықты зерттеулер жүргізген нидерландық мәдениет тарихшысы Иохан Хейзинганың «Орта ғасыр күзі» және итальян философы Умберто Эконың «Раушанның есімі» атты танымал туындыларын атап өту қажет. Жоғарыда көрсетілген еңбектердің қайсысы біз қарастырып отырған заман болмысын айқын түсіндіріп беретінін де айту қиын. Жанры жағынан да алып қарасақ та бұл еңбектер әр түрлі. Әйтсе де, осы кезең туралы таңдамалы академиялық оқулықтардың біріне айналған Энтони Кеннидің бұл еңбегінің орта ғасыр философиясы жайлы зерттеулер арасында да өзіндік орны бар туынды екені күмән тудырмайды.

Сонымен, біз Энтони Кеннидің «Батыс философиясының жаңа тарихы» төрт томдық еңбегінің қарастырған «Орта ғасыр философиясы» деп аталатын екінші томына қысқаша шолу жасадық. Келесі дәрісімізде кітаптың бірінші тарауында берілген Аурелий Аугустин философиясына жан-жақты тоқталамыз.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Энтони Кеннидің «Орта ғасыр философиясы» еңбегінің құрылымы қандай?
2. Оқырмандардың философия тарихын оқуға түрткі болуы мүмкін себептер?
3. Энтони Кеннидің философия тарихына арналған еңбектері қандай аудиторияға бағытталған?
4. Бұдан біраз уақыт бұрын зерттеушілер философия тарихын қарастырған кезде Аристотельден соң, бірден Декартқа қарай ойысып, кейінгі антика заманы мен орта ғасырды не себепті ұмыт қалдырды?
5. Кеннидің көзқарасы бойынша, орта ғасыр философтарының ойларын айқын әрі дұрыс түсіну үшін қандай төрт маңызды кедергіні еңсеру керек?
6. Кенни ибн Сина мен ибн Рушдтың ілімін батыс философиясы арнасында қарастыруының себебін қалай түсіндіреді?
7. Орта ғасыр философиясын қарастырған кезде Бертран Рассел дуализмнің қандай формалары туралы сөз етеді?
8. Энтони Кеннидің «Орта ғасыр философиясы» еңбегінің осы кезеңдегі философия тарихына арналған басқа зерттеулерден айырмашылығы неде?

Әдебиет

1. Anthony Kenny. Medieval Philosophy: A New History of Western Philosophy, Volume 2. – Oxford University Press. – 2014. – 352 p.
2. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы, 2-том, Орта ғасыр философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 400 б.
3. Рассел Б. История западной философии. В двух книгах. Книга 1. – М.: Миф, 1993. – 512 с.
4. Соколов В.В. Средневековая философия. – М.: Высш. школа, 1979. – 448 с.



5. Майоров Г.Г. Формирование средневековой философии (латинская патристика). – М.: Мысль, 1979. – 433 с.
6. Хейзинга Й. Осень Средневековья. – СПб.: Изд-во Ивана Лимбаха, 2011. – 786 с.
7. Эко У. Имя розы. – М., 1989. – 496 с.
8. Жильсон Э. Философия в средние века: От истоков патристики до конца XIV века. Пер. с франц. М.: Республика, 2004. – 689 с.
9. Антисери Д., Реале Дж. Западная философия от истоков до наших дней. Античность и Средневековье (1-2) / В переводе и под редакцией С.А. Мальцевой. – СПб.: «Издательство Пневма», 2003. – 688 с.